

Жалелов Дулат Бейбітұлының  
8D07501 – Стандарттау және сертификаттау (салалар бойынша)  
білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу мақсатында «Жоғары сіңімді жаңа буынды құрама жем  
өндірісі технологиясының нормативтік қамтамасыздануы» тақырыбында  
орындалған диссертациялық жұмысқа берілген

## **ОТАНДЫҚ ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ**

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.** Ғылыми жұмыс Erasmus+ KA107 халықаралық ұтқырлық бағдарламасына сәйкес орындалды. Ғылыми-зерттеу жұмыстары 6 ай бойы жетекші шетелдік ЖОО-да Suleyman Demirel University (Turkey) базасында жүргізілді.

**2. Диссертацияның қазіргі ғылым мен практика үшін маңызы.** Соңғы жылдары Қазақстанда құрама жем, премикс және түрлі жемшөп қоспаларын өндіру мен тұтыну айтарлықтай қысқарды, онсыз жануарлардың өнімділігі, құнарлылығы және жас жануарлардың сақталуы айтарлықтай бәсеңдейді, мал шаруашылығы өнімдерінің сапасы нашарлайды, саланың рентабельділігі төмендейді. Бұл факторлардың барлығы жоғары өнімді малдың аз мөлшеріне ғана емес, сонымен қатар нашар азықтандыруға және өндірілетін жемнің сапасыздығына байланысты. Жануарлардың рационында ақуыздың жетіспеушілігі жемді 30-40% артық тұтынуға әкеледі, бұл оның өзіндік құнын арттырады. Жас жануарларды бордақылау кезінде, тамақ жолдарының ферментативті жүйесінің бейімделу кезеңінде құрама жемнің өсімдік бөлігі нашар сіңеді.

Барлық қоректік заттар бойынша теңдестірілген құрама жемді пайдаланған кезде жануарлардың өнімділігі 10-12%-ға, ал оларды дәрумендермен, микроэлементтермен және басқа да ынталандырушы заттармен байытқан кезде жануарларға астық жем-шөптің (зернофураж) жекелеген түрлері берілгенмен салыстырғанда 25-30%-ға артатыны ғылыми тәжірибеден белгілі.

Сондықтан тағамдық құндылығы бойынша теңдестірілген экструдирленген құрама жем компоненттері бар концентрацияланған қоспаны дайындау технологиясының ғылыми-практикалық негіздерін әзірлеу, қоректік заттарды арттыру және қоректік заттарға қарсы факторларды азайту үшін пробиотикті қосу аса өзекті мәселе болып табылады.

Жаңа құрама жемнің тұрақты сапасын қамтамасыз ету стандарттауға тікелей байланысты. Стандарттау – бұл қоршаған орта, денсаулық, өмір және мүлік үшін өнімдердің, қызметтер мен жұмыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында нормаларды, сипаттамалар мен ережелерді анықтау қызметі; ақпараттық және техникалық үйлесімділік, сондай-ақ өзара алмастырушылық; ғылымның, техниканың және технологияның даму деңгейіне сәйкес өнімдердің, қызметтер мен жұмыстардың сапасы; нақты елдің қорғаныс қабілеті және жұмылдыру дайындығы. ҚР стандарттаудың құқықтық негіздері

«Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 396-VI Заңында белгіленген.

Бүкіл әлемде стандарттау нарықты қауіпті және сапасыз өнімдерден қорғау, әртүрлі салаларда инновациялық технологиялар мен ақпараттық жүйелерді енгізу сияқты маңызды мемлекеттік міндеттерді шешу құралы болып табылады. Стандарттарды қолданудың тиімділігі агробизнестің технологиялық үйлесімділігі мен жаһандық бәсекеге қабілеттілігін жалпы арттыруға ықпал етеді, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық Одақта да, Еуроодақ елдерінде де өзара іс-қимыл мен интеграцияға бағытталған әлемде дамып келе жатқан процестерге сәйкес келуге мүмкіндік береді.

Кез-келген өнімнің сапасы оның жалпыға бірдей танылған стандарттар мен санитарлық нормалар мен ережелерге сәйкестігіне негізделген. Өнім өндіруге негізделген стандарт, өндіруші оны адал сақтаған жағдайда, сапаның кепілі болып табылады, яғни өндірілетін жоғары сіңімді жаңа буынды құрама жемнің сапа деңгейі стандарттау деңгейіне де байланысты.

Диссертациялық жұмыстың нәтижесінде кәсіпорынның стандарты жоғары сіңімді жаңа буынды құрама жем өндірісінің нормативтік қамтамасыздануын қамтамасыз ету үшін әзірленді. Әзірленген Кәсіпорын СТ жобалары ҚР СТ 1.2-2008 және ҚР СТ 1.5-2008 негізгі ережелеріне сәйкес келеді. Сонымен қатар жасалынған кәсіпорын СТ жобаларының талаптарына сәйкес дайындалған жоғары сіңімді жаңа буынды құрама жем өндіру технологиясына қолданылатын технологиялық регламент және ұсыныстар әзірленді.

**3. Ізденушінің алынған нәтижелерге қосқан жеке үлесі.** Қажетті тапсырмаларды қоюдан, тәжірибелерді жоспарлаудан және жүргізуден, алынған нәтижелерді статистикалық өңдеуден және оларды жариялаудан, ұсынылған жаңа буынды жоғары сіңімді құрама жемді өнеркәсіптік сынақтан өткізу; нормативтік-техникалық құжаттаманы әзірлеуге қатысудан тұрады.

**4. Қажетті ақпаратты табу дағдыларын бағалау.** Диссертацияда Жалелов Д.Б. зерттеуді терең және жан-жақты жүргізуге мүмкіндік берген 209-ға жуық шетелдік және отандық әдебиет көздерін пайдаланды. Диссертация авторы мерзімді басылымдардың материалдарын, интернет ресурстарын кеңінен қолданып, ғылыми жұмыстармен жұмыс істеу қабілетін көрсете білді. Автор зерттеу барысында заманауи әлемдік тәжірибеде қабылданған және стандарттық зерделеу әдістерін тиімді қолдана білді.

**5. Диссертацияда көрсетілген докторанттың белгілі бір білімінің болуы.** Д.Б. Жалеловтің диссертациялық жұмысының алға қойған мақсаты толық орындалған, зерттеу міндеттері толық шешілген. Зерттеу нәтижелері бойынша пробиотик қосылған жоғары сіңімді жаңа буынды құрама жемді ұтымды пайдалану және өндіру жөнінде технологиялық регламенттер мен ұсыныстар әзірленген. Диссертациялық жұмыс жоғары ғылыми және әдістемелік деңгейде орындалған.

**6. Докторанттың жарияланымдарын тізімдеу.** Диссертациялық жұмыста келтірілген барлық нәтижелер мен қорытындылар докторанттың ғылыми зерттеулерінің жеке жоспарларына сәйкес ізденушінің тікелей

қатысуымен алынды және тұжырымдалды. Докторант зерттеудің заманауи әдістемесін игерді, алынған нәтижелерді талқылауға және жариялауға, отандық және шетелдік ғылыми журналдарда жариялау үшін ғылыми мақаланы дайындауға және ресімдеуге белсенді қатысты.

Диссертация тақырыбы бойынша 4 ғылыми жұмыс жарияланды, оның ішінде Scopus "Eastern-European Journal of Enterprise Technologies" (Cite Score 2022 - 2.0, процентиль – 46), Potravinarstvo Slovak Journal of Food Sciences (cite score 2022 - 2,5, процентиль – 44) және 1 Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар мен 1 ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК құрамына кіретін мерзімді басылымдарда.

**7. Қорытынды.** Орындалған докторлық диссертация жұмысы аяқталған ғылыми жұмыс ретінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім саласындағы бақылау Комитетінің ғылыми дәрежелерді беру талаптарына сәйкес орындалған. Диссертациялық жұмыстың авторы Жалелов Дулат Бейбітұлына 8D07501 – Стандарттау және сертификаттау (сала бойынша) білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

**Отандық ғылыми кеңесші,  
техника ғылымдарының докторы, профессор,  
Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің  
«Тағам өнімдерінің технологиясы және  
қауіпсіздігі» кафедрасының  
профессоры**

**Оспанов Әбдіманап Әбубәкірұлы**

